

## **Провизор**

### **БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ**

Қаржы, экономика және мемлекеттік сатып алу бөлімінің провизоры келесі біліктілік талаптарына сай болуы тиіс:

- а) білімі – жоғары (фармацевтикалық) тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша және мамандығы бойынша кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы қажет.

### **ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАПТАРЫ**

- Қоймада тауар-материалдық қорларды қабылдау, сақтау және босату, оларды қойма кеңістігін барынша тиімді пайдалану, қажетті материалдар мен жабдықтарды табуды жеңілдету және жеделдету есебімен орналастыру жұмысына қатысады;
- Қоймадағы тауар-материалдық қорлардың сақталуын, сақтау режимдерінің сақталуын, кіріс-шығыс құжаттарын ресімдеу және тапсыру тәртібін қадағалайды;
- Қоймадағы өртке қарсы құралдардың бар-жоғына және жарамдылығына, қойма бөлмелерінің, жабдықтардың және инвентарьдың жағдайына бақылау жасауға және олардың уақтылы жөнделуін қамтамасыз етуге көмектеседі;
- Қоймада тиеу-түсіру жұмыстарына еңбек және қауіпсіздік техникасы нормалары, тәртібі мен нұсқаулықтарын сақтай отырып қатысады;
- Тиеу реквизиттерін жинау, сақтау және жеткізушілерге уақтылы қайтаруға қатысады;
- Тауар-материалдық қорлардың түгендеу жұмыстарына қатысады;
- Қойма операцияларының есебін жүргізуге, белгіленген есептілікке қатысады;
- Қойма шаруашылығының тиімділігін арттыру, тауарлы-материалдық қорларды тасымалдау және сақтау шығындарын азайту, қойма шаруашылығына қазіргі заманғы есептеу техникасын, байланыс және коммуникация құралдарын енгізу бойынша шараларды әзірлеуге және жүзеге асыруға көмектеседі;
- Серіктестік басшылығының басқа да тапсырмаларын орындайды.
- Жұмыс орнында дені сау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етеді. Еңбек қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша қолданыстағы ережелер мен нормаларды сақтайды;
- Еңбек қорғау бойынша нұсқаулықтарды, технологиялық нұсқаулықтарды, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, тікелей басшының ауызша және жазбаша нұсқауларын орындайды;
- Белгіленген тәртіпте мерзімдік медициналық тексеруден өтеді;
- Еңбек қорғау бойынша оқудан өтіп, кейіннен білімін тексеруден өтеді;
- Серіктестіктің басқа қызметкерінің міндеттерін оның жоқтығы кезінде уақытша орындайды (демалыс, уақытша еңбекке жарамсыздық парағы және т.б.);
- Тікелей басшының тапсырмаларын орындап, Серіктестік басшылығының басқа да тапсырмаларын жүзеге асырады;
- Еңбек міндеттерін келісімшарттарға, еңбек және ұжымдық шарттарға, жұмыс берушінің актілеріне сәйкес орындайды;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес мемлекеттік сатып алу үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жоспарлау мен өткізуге арналған техникалық сипаттамаларды дайындау, баға мониторингін жүргізу және құжаттарды дайындау үшін жауапты болады.